

2012-2014 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2011 жылғы 12 желтоқсандағы N 47/10 шешімі. Қарағанды облысы Теміртау қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 9 қаңтарда N 8-3-131 тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2011 жылғы 29 қарашадағы XLI сессиясының "2012-2014 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" N 464 шешіміне сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2012-2014 жылдарға арналған қалалық бюджет 1, 2, және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2012 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 9 695 715 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 8 292 144 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 19 364 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 47 144 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 1 337 063 мың теңге;

2) шығындар – 9 986 977 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттер – 227 536 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 227 536 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 56 148 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 60 000 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 3 852 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – алу 574 946 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын (профицитті пайдалану) қаржыландыру – 574 946 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 227 536 мың теңге;

қарыздарды өтеу - 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 347 410 мың теңге.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2012.03.07 N 2/5 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді); 2012.04.11 N 3/4 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді); 2012.06.13 N 5/4 (2012.01.01 бастап қолданысқа

енеді); 2012.08.17 N 7/4 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді); 2012.11.08 N 9/4 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді); 2012.12.11 N 10/4 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) шешімдерімен.

2. 2012 жылға республикалық және облыстық бюджеттерден алынған 1 337 063 мың теңге сомасындағы нысаналы ағымдағы трансферттер көзделгені ескерілсін:

арнаулы әлеуметтік қызметтер стандарттарын енгізуге 862 мың теңге сомасында;

эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізуге 908 мың теңге сомасында;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға 187 483 мың теңге сомасында;

мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақының көлемін ұлғайтуға 76 415 мың теңге сомасында;

негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға 3 809 мың теңге сомасында;

"Назарбаев зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымының оқу бағдарламалары бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыны арттыруға 1 153 мың теңге сомасында;

жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына (қамқоршыларына) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері 51 716 мың теңге сомасында;

әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялауға 495 мың теңге сомасында;

Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының іс-шараларын іске асыруға 35 417 мың теңге сомасында, оның ішінде:

жалақыны ішінара субсидиялау – 2 824 мың теңге;

жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету – 19 153 мың теңге;

көшуге субсидиялар беру – 6 760 мың теңге;

жастар практикасын ұйымдастыру – 6 680 мың теңге;

мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алуға 226 083 мың теңге сомасында;

моноқалаларды абаттандыру мәселелерін шешуге 707 102 мың теңге сомасында;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған "Саламатты Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде іс-шаралар өткізуге 3 510 мың теңге сомасында;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алуға 42 110 мың теңге сомасында.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2012.04.11 N 3/4 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді); 2012.06.13 N 5/4

(2012.01.01 бастап қолданысқа енеді); 2012.08.17 N 7/4 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді); 2012.11.08 N 9/4 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді); 2012.12.11 N 10/4 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) шешімдерімен.

2-1. 2012 жылға арналған қалалық бюджетте 47 697 мың теңге сомасындағы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару көзделсін.

Ескерту. Шешім 2-1 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2012.03.07 N 2/5 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) шешімімен.

2-2. 2012 жылға арналған қалалық бюджетте кондоминиум объектілерінің жалпы мүлкін жөндеу жүргізуге алынған бюджеттік кредиттер бойынша сыйақыларды төлеуге 92 мың теңге сомасында қаражат көзделсін.

Ескерту. Шешім 2-2 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2012.11.08 N 9/4 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) шешімімен.

3. 2012 жылға арналған қалалық бюджетте кондоминиум объектілерінің жалпы мүлкіне жөндеу жүргізуге алынған 227 536 мың теңге сомасындағы бюджеттік кредиттер көзделсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2012.11.08 N 9/4 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) шешімімен.

4. 2012 жылға облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюлар көлемі 2 119 227 мың теңге сомасында белгіленгені ескерілсін.

5. 2012 жылға арналған қалалық бюджеттің шығыстар құрамында халыққа тұрғын үй көмегін төлеуге – 6 892 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2012.11.08 N 9/4 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) шешімімен.

6. 2012 жылға арналған қалалық бюджеттің шығыстар құрамында "Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" бағдарламасы бойынша – 110 866 мың теңге көзделсін, оның ішінде:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне газбен қамтамасыз ету және тұтыну қызметтеріне ақы төлеу үшін материалдық көмек көрсетуге – 1 467 мың теңге;

2) азаматтардың жекелеген топтарына қалалық қоғамдық көліктерде жүруге (таксиден басқа) әлеуметтік көмек көрсетуге – 61 589 мың теңге, оның ішінде жеңілдікпен жол жүру билеттері түрінде:

1, 2, 3 топтағы мүгедектерге;

"Теміртау қаласының туберкулезге қарсы диспансері" мемлекеттік мекемесінің анықтамасы бойынша амбулаториялық емделу кезеңіне туберкулезбен ауыратын адамдарға;

ай сайынғы ақшалай өтемақы түрінде:

жалпы білім беретін мекемелерде оқымайтын 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға;

екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер және олардың одақтастары құрған концлагерь, гетто және басқа да еріксіз ұстау орындарының кәмелеттік жасқа толмаған бұрынғы тұтқындарына;

Ленинград қаласында қоршау кезінде, қаланың кәсіпорындарында, мекемелерінде және ұйымдарында жұмыс істеген азаматтарға және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен марапатталғандарға;

қайтыс болған жауынгер - интернационалистердің отбасыларына (арнайы мемлекеттік жәрдемақы алушыларға);

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған), хабар-ошарсыз жоғалған жауынгерлердің қайта некеге тұрмаған жесірлеріне;

1986-1989 жылдары Чернобыль атом электр стансасындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан адамдарға;

басқа мемлекеттердің аумағында ұрыс қимылдарына қатысушыларға;

төрт немесе одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы аналарға (оның ішінде оқу орнын бітіргенге дейін кәмелеттік жасқа толған жоғарғы және орта оқу орындарында оқитын балалары бар);

білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жеңілдікпен жол жүруге азаматтардың келесі санаттарына ай сайынғы ақшалай өтемақы түрінде әлеуметтік көмек көрсетуге:

жетім балаларға;

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;

төрт және одан көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар (оның ішінде жоғары және орта оқу орындарында оқитын кәмелеттік жасқа толған балалар, оқу орнын бітіретін уақытқа дейін) көпбалалы аналардың балаларына;

асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақы алатын балаларға;

мүгедек балаларға;

"Теміртау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жәрдемақы тағайындау жөнінде өтініш жасаған мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылардың балаларына;

3) Жеңіс күні қарсаңында материалдық көмек көрсетуге – 16 769 мың теңге келесі топтағы азаматтарға:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне;

Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің

әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген қалаларда болған адамдарға;

қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға;

екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына;

басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушыларға;

1986-1989 жылдары Чернобыль атом электр стансасындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан адамдарға;

Чернобыль атом электр стансасындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасыларына;

Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезінде алынған жарақат, контузия, мертігу, ауруға шалдығу әсерінен қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына;

қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және оларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне (күйеулеріне), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде мертігу және басқа себептер (құқыққа қайшы келетіндерінен басқа) нәтижесінде мүгедек деп танылған азаматтардың екінші некеге тұрмаған әйелдеріне (күйеулеріне);

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен) жауынгерлердің ата-аналары және екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда қажырлы еңбек еткені үшін және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының медальдарымен және ордендерімен наградталған адамдарға;

1941 жылғы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр аралығында алты айдан кем емес жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда аянбай еңбек еткені үшін және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының медальдарымен және ордендерімен наградталмаған адамдарға;

4) негізгі азық-түлік өнімдері бағасының өсуіне байланысты 2012 жыл ішінде жәрдемақының тағайындалуына өтініш білдірген мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға материалдық көмек көрсетуге – 3 201 мың теңге сомасында;

5) Қарттар күні қарсаңында материалдық көмек көрсетуге – 1 946 мың теңге 2012 жылы 75 жасқа және одан үлкен жасқа толатын азаматтардың келесі топтарына:

Қазақстан Республикасының "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңында аталған адамдарға;

барлық топтағы мүгедектерге;

"Алтын алқамен", "Күміс алқамен" марапатталған немесе бұрын "Ардақты ана" атағын алған, сондай-ақ бірінші және екінші дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көп балалы аналарға;

6) Мүгедектер күні қарсаңында материалдық көмек көрсетуге азаматтардың келесі топтарына – 16 149 мың теңге:

мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға;

арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алатын барлық топтағы мүгедектерге;

мүгедек-балаларға;

7) спутниктік телекөрсетілімге қосуға арналған жабдықты сатып алу және орнатуға азаматтардың келесі топтарына – 903 мың теңге:

зейнеткерлер саны арасынан тұрғын үй көмегін алушыларға;

мүгедектер мен толық емес отбасылар саны арасынан 18 жасқа дейінгі балалары бар мемлекеттік жәрдемақы алатын отбасыларға;

8) қозғалыста қиындық көретін мүгедектерді көлікпен тасымалдау бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты көрсетуге – 8 492 мың теңге, оның ішінде:

кресло-арбалар көмегімен қозғалатын 1, 2-топ мүгедектері;

тірек-қозғағыш аппараты бұзылған 1, 2-топ мүгедектері;

зағиптың 1-топ мүгедектері;

Қарағанды қаласы мен Теміртау қаласындағы гемодиализ бөліміне барып жүрген 1-топ мүгедектері;

9) зағип мүгедектерді компьютерлік сауаттылыққа оқыту бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты көрсетуге – 350 мың теңге.

10) алынып тасталды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2012.08.17 N 7/4 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) шешімімен.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2012.03.07 N 2/5 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді); 2012.04.11 N 3/4 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді); 2012.08.17 N 7/4 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді); 2012.11.08 N 9/4 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) шешімдерімен.

7. 2012 жылға арналған қалалық бюджеттің шығыстар құрамында "Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау" бағдарламасы бойынша – 23 248 мың теңге көзделсін.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2012.03.07 N 2/5 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді); 2012.04.11 N 3/4 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді); 2012.11.08 N 9/4 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) шешімдерімен.

8. Теміртау қаласының жергілікті атқарушы органының 2012 жылға арналған резерві 1 347 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2012.03.07 N 2/5 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді); 2012.04.11 N 3/4 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді); 2012.08.17 N 7/4 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді); 2012.11.08 N 9/4 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) шешімдерімен.

9. 2012 жылға арналған қалалық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын бюджеттік бағдарламалар тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

10. Ақтау кентінің Ақтау кенті әкімінің аппараты және қалалық бюджеттік бағдарламалардың басқа әкімшілері арқылы қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламаларының тізбесі 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

11. Осы шешім 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді.

Сессия төрағасы

В. Дмитриев

Мәслихат хатшысы

А. Аркатов

КЕЛІСІЛДІ

"Теміртау қаласының экономика

және бюджеттік жоспарлау бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Б. Қонақаева

2011 жылғы 12 желтоқсан

Теміртау қалалық мәслихатының
2011 жылғы 12 желтоқсандағы
47 сессиясының N 47/10 шешіміне
1-қосымша

2012 жылға арналған қалалық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2012.12.11 N 10/4 (2012.01.01 бастап қолданысқа енеді) шешімімен.

Санаты				Сомасы (мың теңге)
Сыныбы				
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	9695715
1			Салықтық түсімдер	8292144
	01		Табыс салығы	4132505
		2	Жеке табыс салығы	4132505

	03		Әлеуметтік салық	2348655
		1	Әлеуметтік салық	2348655
	04		Меншікке салынатын салықтар	1581961
		1	Мүлікке салынатын салықтар	727732
		3	Жер салығы	556147
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	298082
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	192189
		2	Акциздер	13965
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	104455
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	62741
		5	Ойын бизнесіне салық	11028
	08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	36834
		1	Мемлекеттік баж	36834
2			Салықтық емес түсімдер	19364
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	15822
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	12
			Мемлекет меншігіндегі	

		5	мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	15810
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	28
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	28
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	3514
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	3514
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	47144
			Мемлекеттік мекемелерге	

	01		бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	9
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	9
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	47135
		1	Жерді сату	41616
		2	Материалдық емес активтерді сату	5519
4			Трансферттердің түсімдері	1337063
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1337063
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	1337063

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
Кіші функционалдық топ					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
				II. Шығындар	9986977
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	258369
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілдік, атқарушы және басқа органдар	195032
				Аудан облыстық	(

		112		маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	15244
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15244
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	153771
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	133918
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	19853
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала , кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	26017
			001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	20506
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5511

	2			Қаржылық қызмет	30442
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	30442
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19094
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	3803
			011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	4658
			018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2887
	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	32895
		453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	32895

			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	29298
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3597
02				Қорғаныс	7500
	1			Әскери мұқтаждықтар	4485
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	4485
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	4485
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	3015
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	3015
			006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	2858

			007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	157
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	45455
	1			Құқық қорғау қызметі	45455
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	45455
			021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	45455
04				Білім беру	3717299
	1			Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту	940902
		471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, денешынықтыру және спорт бөлімі	940902
				Мектепке дейінгі	

			003	тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету	124097
			025	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен жалпы үлгідегі, арнайы (түзету), дарынды балалар үшін мамандандырылған, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорынсыз қалған балалар үшін балабақшалар, шағын орталықтар, мектеп интернаттары, кәмелеттік жасқа толмағандарды бейімдеу орталықтары тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақының мөлшерін ұлғайту	8069
			040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	808736
	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	2689354
		471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене	2689354

				шынықтыру және спорт бөлімі	
			004	Жалпы білім беру	2432723
			005	Балалар мен жеткіншектерге қосымша білім беру	187132
			063	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен " Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ-ның оқу бағдарламалары бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыны арттыру	1153
			064	Бастауыш, негізгі орта, жалпыға бірдей орта білім беру ұйымдарының (дарынды балаларға арналған мамандандырылған (жалпы үлгідегі, арнайы (түзету); жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар): мектептердің, мектеп-интернаттарының мұғалімдеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы мөлшерін республикалық	68346

				бюджеттен берілетін трансферттер есебінен ұлғайту	
4				Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	22577
		471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	22577
			007	Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру	22577
9				Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	64466
		471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	64466
			009	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	12750
				Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының	

			020	қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	51716
05				Денсаулық сақтау	3510
	2			Халықтың денсаулығын қорғау	3510
		471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	3510
			024	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған "Саламатты Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде іс-шаралар өткізу"	3510
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету	435925
	2			Әлеуметтік көмек	403221
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту	379973

				және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	
			002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	72772
			005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	3727
			006	Тұрғын үй көмегін көрсету	6892
			007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	110866
			010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1198
			013	Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу	28907
			014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	41914
			016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	4759
			017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен	89785

				және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	
			023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	19153
		471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	23248
			012	Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында білім алушылар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау	23248
	9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	32704
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	32704

			001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	28830
			011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	884
			021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2990
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1294431
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	344027
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	30000
			002	Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, соның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған	30000

				байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару	
		472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	297935
			003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	248565
			004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	49370
		479		Тұрғын үй инспекциясы бөлімі	16092
			001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15019
			002	Ақпараттық жүйе құру	580
			005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	493
	2			Коммуналдық шаруашылық	112822
				Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала	

		123		, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	19000
			014	Елді мекендерді с у м е н жабдықтауды ұйымдастыру	19000
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	73388
			012	С у м е н жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	58581
			028	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	14807
		472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	20434
			006	С у м е н жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	20434
	3			Елді-мекендерді абаттандыру	837582
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала , кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	36658
				Е л д і мекендердің	

			008	көшелерін жарықтандыру	15191
			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	949
			011	Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру	20518
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	722382
			015	Е л д і мекендердің көшелерін жарықтандыру	250844
			016	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	27738
			017	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқтарды жерлеу	3857
			018	Елді мекендерді абаттандыру ж ә н е көгалдандыру	439943
		472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	78542
			007	Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту	78542
				Мәдениет, спорт , туризм және	

08				ақпараттық кеңістік	393075
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	114834
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	12639
			006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	12639
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	102195
			003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	102195
	2			Спорт	125620
		471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, денешынықтыру және спорт бөлімі	125620
			013	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	111064
			014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	6000
				Әртүрлі спорт түрлері бойынша ауданның (

			015	облыстық маңызы бар қаланың) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	8556
	3			Ақпараттық кеңістік	82799
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	63451
			006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	62155
			007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	1296
		456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	19348
			002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	15600
			005	Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	3748

	9			Мәдениет, спорт , туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	69822
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	24806
			001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8893
			010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1708
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	14205
		456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	45016
			001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік	37790

				саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			003	Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру	4981
			006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2245
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	37754
	1			Ауыл шаруашылығы	12614
		474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	12614
			001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9020
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2594
			007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және	1000

				ж о ю д ы ұйымдастыру	
	6			Ж е р қатынастары	24232
		463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	24232
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11699
			004	Ж е р д і аймақтарға бөлу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	11771
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	762
	9			Ауыл, су, орман, б а л ы қ шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау мен жер қатынастары саласындағы өзге де қызметтер	908
		474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы ж ә н е ветеринария бөлімі	908
			013	Эпизоотияға қ а р с ы іс-шаралар жүргізу	908

11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	14418
	2			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	14418
		472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	14418
			001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14418
12				Көлік және коммуникация	509596
	1			Автомобиль көлігі	505607
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	21308
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	(21308

		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	484299
			022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	62254
			023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	422045
	9			Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	3989
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	3989
			037	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	3989
13				Өзгелер	1102629
	3			Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	17003
				Ауданның (облыстық маңызы бар	

		469		қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	17003
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14154
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2849
	9			Өзгелер	1085626
		452		Ауданның ((облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	1347
			012	Ауданның ((облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	1347
		458		Ауданның ((облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	746353
			001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске	36242

				асыру жөніндегі қызметтер	
			013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3009
			044	Моноқалаларды абаттандыру мәселелерін шешуге іс-шаралар өткізу	707102
		471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	337926
			001	Білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі қызметін қамтамасыз ету	26514
			018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2272
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	309140
14				Борышқа қызмет көрсету	92
	1			Борышқа қызмет көрсету	92
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	92
				Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен	

			013	қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	92
15				Трансферттер	2166924
	1			Трансферттер	2166924
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	2166924
			006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	47697
			007	Бюджеттік алулар	2119227
				III. Таза бюджеттік кредиттеу	227536
				Бюджеттік кредиттер	227536
13				Өзгелер	227536
	9			Өзгелер	227536
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	227536
			039	Кондоминиум объектілерінің жалпы мүлкін жөндеу жүргізуге арналған бюджеттік кредиттер	227536
				Бюджеттік кредиттерді өтеу	0

				IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	56148
				Қаржы активтерін сатып алу	60000
13				Өзгелер	60000
	9			Өзгелер	60000
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	60000
			065	Занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	60000
6				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	3852
	01			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	3852
		1		Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	3852
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-574946
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	574946

Санаты		
	Сыныбы	

		Ішкі сыныбы		Сомасы (мың теңге)
		Атауы		
1	2	3	4	5
7			Қарыздар түсімі	227536
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	227536
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	227536

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
Кіші функционалдық топ					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
16				Қарыздарды өтеу	0
	1			Қарыздарды өтеу	0
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	0
			009	Жергілікті атқарушы органдардың борышын өтеу	0

Санаты				Сомасы (мың теңге)
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
Атауы				
1	2	3	4	5
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	347410
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	347410
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	347410

Теміртау қалалық мәслихатының
2011 жылғы 12 желтоқсандағы

2013 жылға арналған қалалық бюджет

Санаты				Сомасы (мың теңге)
	Сыныбы	Ішкі сыныбы		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	9417506
1			Салықтық түсімдер	9285182
	01		Табыс салығы	4142526
		2	Жеке табыс салығы	4142526
	03		Әлеуметтік салық	3293193
		1	Әлеуметтік салық	3293193
	04		Меншікке салынатын салықтар	1584744
		1	Мүлікке салынатын салықтар	653919
		3	Жер салығы	608667
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	322158
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	226114
		2	Акциздер	14943
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	123431
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	68159
		5	Ойын бизнесіне салық	19581
	08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар	38605

			құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	
		1	Мемлекеттік баж	38605
2			Салықтық емес түсімдер	22641
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін түсімдер	18280
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігіндегі түсімдер	135
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	18145
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	601
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын	601

			н мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	3760
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	3760
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	109683
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	41
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	41
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	109642
